

Қазақстан-американ кәсіпкерлікті дамыту әріптестігі жобасын ("Хьюстон бастамасы") іске асыру мәселелері жөніндегі ведомствоаралық жұмыс тобын құру туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің өкімі 2002 жылғы 29 шілде N 112 -ө. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2007 жылғы 15 қазандағы N 948 Қаулысымен.

Ескерту. Өкімнің күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2007 жылғы 15 қазандағы N 948 Қаулысымен.

"Хьюстон бастамасы" қазақстан-американ кәсіпкерлікті дамыту әріптестігі жобасын іске асыру жөнінде ұсыныстар әзірлеу мақсатында:

1. Мына құрамда Ведомствоаралық жұмыс тобы (бұдан әрі - жұмыс тобы) құрылсын:

- | | |
|--------------------|---|
| Мәсімов | - Қазақстан Республикасы Премьер- |
| Кәрім Қажымқанұлы | Министрінің орынбасары, жетекші |
| Өтембаев | - Қазақстан Республикасы Президентінің |
| Ержан Әбілхайырұлы | Әкімшілігі Басшысының орынбасары,
жетекшінің орынбасары (келісім
бойынша) |
| Жақыпов | - Қазақстан Республикасының Көлік |
| Қабиболла Қабенұлы | және коммуникациялар бірінші вице-
министрі |
| Оразбақов | - Қазақстан Республикасының Экономика |
| Ғалым Ізбасарұлы | және сауда вице-министрі |
| Мусина | - Қазақстан Республикасының Ауыл |
| Лилия Сәкенқызы | шаруашылығы вице-министрі |
| Ойнаров | - Қазақстан Республикасының Табиғи |
| Азамат Рысқұлұлы | монополияларды реттеу,
бәсекелестікті қорғау және шағын
бизнесті қолдау жөніндегі агенттігі
төрағасының орынбасары |
| Әбілдаев | - Қазақстан Республикасының Сыртқы |
| Ерлан Әділханұлы | істер министрлігі Инвестициялар
жөніндегі комитетінің төрағасы |

- Тәжиев Асқар Сағиұлы Америка департаментінің директоры - Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі Еуропа және Америка департаментінің директоры
- Арынов Ерлан Асатайұлы - Қазақстан Республикасы Экономика және сауда министрлігінің Сауда халықаралық ынтымақтастық және экспорттық бақылау департаментінің директоры
- Нұрсейіт Нұрлан Айтқалиұлы - Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Нақты секторды және мемлекеттік қаржыны зерттеу бөлімінің бастығы

2. Жұмыс тобы американдық тараппен барлық тиісті мәселелер келісілгеннен кейін "Хьюстон бастамасы" қазақстан-американ кәсіпкерлікті дамыту әріптестігі жобасын іске асыру жөнінде Қазақстан Республикасының Үкіметіне үш ай мерзімде ұсыныстар енгізсін.

Премьер-Министр